



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қазақстан аймағындағы туризм саласының қазіргі деңгейін қарай отырып, даму қарқыны мен болашағына жоғары әлеуетін байқадық. Оңтүстік Қазақстан облысының туристік жағдайын дамыту бойынша мынандай ұсыныстарды қарастыруға болады:

- Бүгінгі күнде аймақ адамдардың қызығушылығын күннен күнге артып, жоғары туристік бағдар ретіндегі саяхатшыларды көбірек тарту үшін, жергілікті туроператорлардың ұсынатын қызмет түрлерін жылдан жылға ұлғайту керек.

- Аймақта туризмнің көптеген түрлерін ұсыну қажет - танымдық, тарихи, аңшылық, көңіл көтеретін ойын-сауық, этникалық, экологиялық, діни және т.б.

- Таудағы тар жолдар - ең көп меңгерілгендіктен күрделі жөндеулерден өткізу қажет, себебі ол және экономикалық қарым-қатынас жасауда маңызды рөл атқарады;

- Табиғи және тарихи-мәдени ерекшеліктер құрылысын жүргізу жобаларын дамыту қажет;

- Инвесторларға демеу қаржы бөлу, жеңілдіктер беру және салық жеңілдіктерін беру керек;

- Оңтүстік Қазақстандағы экотуризмді дамыту тәсілдерін жолға қою, туристік объектілерге апарар жолдың сапасын жоғарлату керек;

- Ішкі және келу туризмі үшін орналастыру орындарын арттыру;

- Келушілердің болу ұзақтығының 2012 жылының деңгейінен - 10 %-ға, 2013 жылы - 12 %-ға, 2014 жылы - 15 %-ға өсуі, 2015 жылы - 30 %-ға өсіру;

- Оңтүстік Қазақстанның туристік маркетингтік стратегиясын қалыптастыру;

- Туристік орталықтар, кешендер мен орналастыру объектілерін салу;

- Тау шаңғысы туризмінің инфрақұрылымын жасау;

- Оңтүстікте 2* және 3 * турклассты қонақ үйлер желісін дамыту;

- Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданындағы «Қасқасу» туристік-рекреациялық кешенінің инженерлік-коммуникациялық желілерінің ЖСҚ әзірлеу және салу;

- Медеуден Шымбұлаққа дейін арқан жолын салу және тау шаңғысы курортының сырғанақ тебу аймағын кеңейту.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар

2. Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2012 - 2015 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100001048>

3. Оңтүстік Қазақстан аймағы туралы [Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: http://kaz.textilezone.kz/about_rk/south_region/127-o1187t1199stk-1178aza1179stan.html

4. Оңтүстік Қазақстан облысының 2012-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы Шымкент, 2010. 128 б.

5. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты. Электрондық ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>

ОӘЖ 338.482.2(574)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚТАРДЫ ДАМУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жанділла Бимерей Дәуренқызы

bimerei@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының
4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Соңғы жиырмажылдықта әлемдік экономиканың ең қарқынды әрі табысты дамушы саласына айналған туризм көптеген елдің әлеуметтік ахуалының артуына үлкен ықпалын тигізуде. Мұның басты себебі, бұл салаға кететін шығынның аз, ал түсер табыстың еселеп қайтатындығында. Бұған дәлел өткен 2014 жылы әлем бойынша осы салада 4 млн. аса жаңа жұмыс орыны ашылған және туризм көптеген елдер үшін халықаралық инвестициялар мен шетелдік валюта тартудың басты көзі болып табылады.

Туризм индустриясының басты элементі туристік орталық болып табылады. Себебі, туристік агенттікке келген әрбір турист демалу нысанын территория көлеміне тәуелсіз таңдайды. Біріне – ол ел, басқаларға – аудан, үшіншілерге – нақты бір елді мекен болуы мүмкін. Сондықтан тұтынушының қызығушылықтарын назарға ала отырып, туроператор оларды нақты туристік орталыққа бағыттауы қажет. Туристік орталықтар туристік аудандастыру негізінде дамиды және жеткілікті туристік-рекреациялық әлеуетке ие болады.

Туристік орталық типологиясы мен аудандарды топтастыру, рекреациялық ресурстарды орналастыру туралы мәселелерді туризм географиясы аталатын арнайы ғылым қарастырады.

Арнайы оқулықтарда туристік орталық рекреациялық ресурстарға бай, ыңғайлы географиялық-транспорттық жерде орналасқан және туристерге ол туралы жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз етілген орын ретінде сипатталады. Осы ретте, өзара ұқсас көрінгенімен «туристік орталық» ұғымының «туризм орталығы» түсінігінен ерекшеленетіндігін ескере кету қажет.

Туристік орталық – рекреациялық потенциалы бар және бірқатар туристік контингентке қызмет көрсету үшін инфрақұрылымы (транспорттық жолдар, қонақ үй, мейрамхана, көңіл көтеру орталықтары, урбандалу және т.б.) дамыған территория.

Егер «туризм орталығы» аймақтың ресурстық тартымдылығымен сипатталынса, ал «туристік орталық» оған қосымша туристердің ол туралы ақпараттандырылуын көрсетеді [1].

С.Р. Ердаулетовтың анықтамасы бойынша, туристік орталық дегеніміз бұл сол жердегі туристік рекреациялық ресурстардың негізінде туристік-экскурсиялық қызмет көрсету кешені құрылған елді мекен, тұрғылықты жай, табиғи нысан. Туристік кешен туристерді орналастыру (турбаза, қонақ үй, пансионаттар және т.б.), тамақтандыру, сауда орталықтары, спорттық жарақтандыру орындары, экскурсиялық және басқа да туристік қызметтер көрсететін мекемелерден тұрады [2].

Сонымен, туристік орталық – табиғи, мәдени-тарихи, экологиялық, этникалық, әлеуметтік-демографиялық, инфрақұрылымдық рекреациялық мүмкіндіктері бар туристер демалатын орын. Ол индивидтің рекреациялық ресурстарға қатысты қызығушылықтарын біріктіретін орын болып табылады.

Белгілі аймақтағы туризмнің даму ерекшелігі мен сипатына сәйкес туристік орталықтардың типологиясына негіз болатын олардың көптеген түрлері ажыратылады. Сонымен, қазіргі таңда туристік орталықтардың келесідей түрлері танымал: мәдени-тарихи, курорттық-шипажайлық, экологиялық, су, конгрестік, экзотикалық, этнографиялық, көңіл көтеру, жағажайлық, альпілік, сауықтыру, спорттық, аңшылық-балық аулаушылық, қажылық және т.б. Туристік орталықтар типологиясы бір жағынан туристердің әр түрлі рекреациялық қызығушылықтарына сәйкес болуды, екінші жағынан аймақтағы мәдени-табиғи ескерткіштің, рекреациялық ресурстың қамтылуын байланыстырады. Яғни, туристік орталық туризмнің объективті және субъективті арақатынасын белгілейді.

Зерттеу масштабына байланысты туристік орталықтар типологиясы ерекшеленеді. Ғаламдық деңгейдегі «Рекреация және туризм» картасының авторлары W.Ritter мен S.V.Odesser туристік орталықтарды 5 топқа бөліп классификациялады ұсынады: тарихи-мәдени, емдік-сауықтыру, таулық, сулық, жағажайлық. Аталған туристік топтарды шетелдік орталықтар мен қазақстандық дамыту болашағы бар орталықтар ретінде келесідей қарастыруға болады [3]:

1. Тарихи-мәдени орталықтарға сапар жасайтын туристер үшін көрікті жерлерді қарауға, көңіл көтеруге және сауда жасауға мол мүмкіндік беретін ірі қалалар – әкімшілік және экономикалық орталықтар өте тартымды болып табылады. Олар сонымен қатар іскерлік белсенділік пен мүмкін жиналыстарды ұйымдастыруға жағдай жасайды, сондай-ақ өзге мәдениеттің қалалық өмір стилімен танысып, сезінуге мүмкіндік береді. Кей жағдайларда мұндай орталықтар тарихи ескерткіштердің аздығына да қарамастан келушілердің санын көптеп тартады. Бұған мысал ретінде Сингапур, Сидней сияқты және т.б. ірі қала агломерацияларын айтуға болады. Бұдан бөлек осы категорияға Венеция, Флоренция секілді даңқты мәдениет пен өнер орталықтарын, сондай-ақ бүкіл әлемге әйгілі тарихи ескерткіштер орналасқан ұсақ мекендер, тіпті Пальмир сияқты «өлі» қалалар, қажылық орталықтар және т.б. жатқызуға болады. Ал өз елімізде Астана мен Алматы қалалары, тарих пен мәдени мұраларға толы Түркістан, Шымкент қалалары және Маңғыстау өңірі.

2. Жағажайлық. Дамыған елдерде әдетте мұндай орталықтар отандық туристермен қатар, шетелдіктерді де көптеп қызықтырады. Көп жағдайларда негізгі туристер ағынын елдегі жағажайлық туристік орталықтардың бір немесе екеуі ғана көптеп тартатын болады, мысалы, Мароккадағы Агадир. Жағажайлық туризм көптеген жылдар негізінен Еуропа мен Солтүстік Америкада дамыды, ал қазіргі таңда тропикалық аймақтарда кең қарқын алуда. Мұның негізгі себебі – экономикалық фактор: қонақ үйлерді басқаратын көптеген компаниялар маусымдық курорттардан гөрі жыл бойы жұмыс жасауға мүмкіндік беретін аудандарға қызмет көрсетуге талпынады. Көптеген енді дамушы әрі тығыз қоныстанған елдерде жағажайлар халықтың кедей таптары үшін бірден бір қолжетімді демалыс орны болып табылады. Сондықтан, ең көп жаңа және ірі курорттар Оңтүстік-Шығыс Азия мен Тынық мұхиты аралдарында орналасқан. Тропикалық аралдарда орналасқан көптеген ұсақ мемлекеттер халықаралық туристік бизнеске белсенді қатысуда және ұйымдасқан шетелдік келушілерді қабылдауға бағдарланған. Жағажайлық туризмнің кейінгі таралуы оңтүстік пен солтүстікке қарай (жарты шарларға тәуелді) шектеле береді, ол температураның төмендеуі мен маусымдардың қысқа болуымен түсіндіріледі. Тек Солтүстік жарты шарда және Еуропада даму 50-параллельге дейін ұзарған. Әдетте, таралу шекарасы полюстерге қарай солтүстік немесе оңтүстік ендіктегі 40-градус болып табылады. Қазақстан әлемдік мұхиттармен шектеспегенмен, табиғаты көркем әлем бойынша ең үлкен көл саналатын Каспийге ие. Каспий жағалауының арнайы туристік аймаққа айналуы үшін соңғы жылдары мемлекеттік көптеген шаралар да жүргізілуде (Кендірлі жобасы).

3. Сулық орталықтар. Туризмнің өзендер мен көлдердегі (жасанды көлдердегі) су спорт түрлерімен байланысты түрлері әлемде кең таралғандығына қарамастан, олар ірі туристік орталықтарда сирек кездеседі. Көл жағалауындағы курорттар негізінен мұздықтардан пайда болған көлдері бар аймақтарда, мысалы Альпі, Скандинавия, Кададалық қалқан мен Жартасты тауларда орналасқан. Ерекше тартымды нысандарға атақты сарқырамаларды жатқызуға болады. Шығыс Қазақстан мен Алматы өңірі туризмнің осы саласын дамытуға сұранып тұр: Шарын, Іле, Ертіс, т.б..

4. Таулық орталықтар. Мұндай туристік орталықтар негізінен қысқы спорт түрлерімен байланысты болғанда ғана ірі көлемде дами алады. Сол себепті негізгі шыңға шығу нысандары, Килиманджаро мен Эвересттен басқа, – шаңғылық курорттары бар аймақтар болып табылады. Мұндай нысандар Жапония мен Оңтүстік жарты шарда жақсы дамыған. Қысқы спорттық курорттарды жабдықтау мен жандандыру өте қымбатқа түседі. Сондықтан да Альпі шетелдік туристер үшін әзірше монополиялық үстемдікке ие. Тянь-Шань тау жотасының ең биік нүктесі Хан Тәңірі еліміздің шекарасында жатыр. Альпинистік турлар жалпы қазақстандық туризмнің алғашқы түрі болып бастау алғаны мәлім. Сондай-ақ Алматыдағы Шымбұлақ пен Медеу әлемдегі үздік спорт кешендерінің қатарында.

5. Емдік-сауықтыру орталықтары. Мұндай орталықтар негізінен минеральді сулы, емдік балшықтары бар әрі қолайлы климатқа ие орындарда орналасқан. Емдік-сауықтыру орталықтарын Еуропа мен Жапонияда мәдени ерекшелік ретінде санауға болады. Олар

негізінен еуропалықтардың күшті әсері болған елдерде айрықша дамыған, бірақ туризмнің бұл түрі бірде бір ағылшынсаксон немесе Скандинавия елінде дамымаған. Тіпті Еуропада сауықтыру туризмінің негізгі ареалы жағажайлық немесе биіктаулық курорттарды қамтиды. Мұндай нысандар, сәйкесінше, шетелдік туристерді тартпайды. Тек Үндістан мен Оңтүстік-Шығыс Азияда аталған биіктаулы емдік курорттар ірі ұлттық рекреациялық орталықтардың дамуына әсер ете алды. Отандық және жақын шет елдік туристерге танымал Сарыағаш, Жаңажол курорттары. Сондай-ақ бұл топта Қазақстандық ең эксклюзивті орталық ретінде Шығыс Қазақстандағы пантылық емдеу орталықтарын дамытудың маңызы зор.

Осылайша, туристік-рекреациялық әлеуетке ие, сол арқылы туристердің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін арнайы территориялар мен нысандарды туристік орталықтар деп қарастырамыз. Көп жағдайларда туристік орталықтардың дамуына ондағы табиғи және басқа да туристік ресурстар туралы ақпараттың кең таралуы негізгі себепші болады, яғни туристік орталық индивидтің рекреациялық ресурсқа қатысты барлық мотивтерін байланыстыратын қызығушылықтардың интегралдық символын ұсынады.

Өзіндік ерекшеліктері бар Қазақстан бәсекелестік туризм индустриясын құруға үлкен мүмкіндіктері бар. Германия, Ұлыбритания, Франция, Оңтүстік Корея мен Жапон елдерінде жүргізген зерттеу мен сауалнамалар (10000 үлгі шамасында) бойынша, шетелдік азаматтар арасында Қазақстандық турларға жоғары қызығушылық білдіргенін анықтаған. Зерттеулер нәтижесінде 14,2 миллион турист Еуропа мен Азия тұрғындары Қазақстанға туристік нысан ретінде үлкен қызығушылық танытты. Қазақстан үлкен территорияны алып жатқандықтан, оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысы бір-бірінен ерекшеленеді. Рекреациялық ресурстарға бай. Осы бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, елімізде танымал туристік орталықтарды қалыптастырудың маңызы зор.

Қолданылған әдебиет

1. Зорин И.В., Квартальнов В.А. Энциклопедия туризма/ М: Финансы и статистика, 2013
2. Ердаuletов С.Р., Подвалов А.Ю., Титова М.А. Туристский кластер и проблемы формирования индустрии туризма Республики Казахстан // Матер.ІІІ междунар.науч.-практ.конф. «География туризма: актуальные вопросы теории и практики». – Алматы, 2007. – С.5-10.
3. Кусков А. С., Голубева В. Л., Одинцова Т. Н. Туристские центры: Понятие, типология и методика оценивания. // Рекреационная география

ОӘЖ 338.482.1(574)

ҚАЗЫҒҰРТ ТАУЫНДА СПЕЛЕОТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жумалиева Г., Орынбаева А.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультеті, «Туризм» мамандығының студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Турысбекова Г.К

Туризм ел экономикасына елеулі өзгеріс әкелетін негізгі тетіктердің бірі. Ол экономикалық құбылыс ретінде индустриалды нысанға айналып, ұлттық экономиканың даму катализаторы болып табылады. Туризм индустриясы тиімділігінің жоғары деңгейімен және оған салынған инвестицияның тез қайтарымдылығымен сипатталады. Қазақстан Республикасының Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жыл 27-ші қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында ел экономикасын дамытудағы туризмнің ықпалын: «Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі Қазақстан экономикасына тікелей шетел инвестицияларының ағынын әртараптандыру болып табылады. Оларды перспективалы салаларға, мысалы, туризм саласына бағыттау қажет. Дамыған елдерде туристік кластердің